

АДАМ

ПСИХОЛОГҚА БАРАМЫН НЕМЕСЕ ӨЗІМ ЖЕҢІП ШЫҒАМЫН


Қазақстандықтардың психологқа бару қажеттілігі туралы не ойлатындығы жөніндегі әлеуметтік сауалнама нәтижелерін ұсынамыз.

Бүкіл әлемде жеке психологтың болуы жақсы әдет болып есептеледі. Мысалы, Еуропа мен АҚШ-та жүздеген жылдар бойы адамдар одан да жақсы, рухы биік, сенімді, әрі бақытты болуы үшін психологиялық көмекке жүгінеді. Бізде бұл тәжірибе салыстырмалы түрде жақында басталды, бірақ еліміздегі барлық озық ЖОО дипломы бар психологтарды дайындап жатыр. Біз қазақстандықтар бұл жөнінде не ойлайтынын білгіміз келді.

Сауалнамаға сәйкес, **респонденттердің 4,8%-ы психологтың көмегіне жүгінген.**


Қажет болған жағдайда **әрбір үшінші респондент маманға психологиялық көмекке жүгінуге дайын.** Бұл ретте әрбір бесінші респондент бірден психологқа жүгіне алады, ал респонденттердің 12,8%-ы психологқа жүгіну кезінде қиындықтардың бар екенін атап өтті, өйткені үйреншікті емес және айналадағы адамдар дұрыс түсінбеуі мүмкін.

Респонденттердің 6,5%-ы психологтың көмегіне сенбейді, ал 45,9%-ы барлық өмірлік қиындықтарды өздері жеңіп шығамыз есептейді, сондықтан оларға психолог керек емес.



1-сурет. Сіз қажет болған жағдайда психологтың көмегіне жүгінуге дайынсыз ба? (%-бен)

Сауалнамаға қатысқандардың шамамен жартысы (48,5%) психологтың қызметтері олардың тұрғылықты жері бойынша қолжетімді болуы тиіс деп пікір білдірді. Бұл ретте әрбір бесінші респондент оны қажет деп санайды. Сонымен бірге респонденттердің 40,5%-ы қажет деп көрмейді.



2-сурет. Сізге психолог қызметтері Сіздің тұрғылықты жеріңіз бойынша қолжетімді болғанын қала ма едіңіз? (%-бен)

Зерттеу әдістемесі:

Сауалнама әдісі – маршруттық квоталық іріктеме негізінде тұрғылықты мекенжайы бойынша респондентпен сұхбат. Іріктеме – республикалық маңызы бар 3 қала және 14 облыстағы 59 қалалық елді мекен және ауылдық жерлердегі 18 жастағы және одан асқан 2000 респондент. Статистикалық қателік 3,5%-дан аспайды.

Өткізілу мерзімі – 2019 ж. мамыр.